

# І ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ГРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

сентябрь Сенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздар мен совхоздарда ірі қара малдың сүт өнімін арттыру үшін мал шаруашылығын жүргізудің неғұрлым пайдалы системасын — аудандардың ерекшеліктерін еске ала отырып, малды қолда бағып-күту системасын одан әрі қолдану өте маңызды іс деп саналсын.

*(БК(б)П Орталық Комитетінің „Партияның XIX съезінің, ССРО-ны өркендетудің, 1951-1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары“ жобасынан).*

## және ЫН

көмектесетіндігі қарамастан бірқатар арда мал қораларының кі қораларды жөн-малар күні осы ағдай орбындамайлығындағы мұндай орын алуы колхозларының, сонымен шаруашылық бөлім-ұл маңызды міндет-тығынан, іске нақ-удың орнына жай-ыдығынан деп қана-

колхоздары өткен ташылығынан жа-ындардың қысқа-рыған үлкен қы-еті. Мұның ақыры-ң көптеп шығы-дылығының төмен-Болай бола тұрса да, сшылары мұндай-жылы да тиісті-отыр деуге бола-алдымен, жемшөл-орындауды қамтам-іден, мал қорам-уы жөніндегі тал-сыра алмай келеді.

# Қазақстан К(б)П VI съезі

1952 жылғы 22 сентябрьдегі таңертеңгі мәжіліс

Съездің 22 сентябрьдегі таңертеңгі мәжілісінде Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің және Қазақстан К(б)П Тексеру комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жарыссөздің жалғасы болды.

Председательдік етуші Тайбеков жолдас Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Н. С. Бобров жолдасқа сөз берді.

—Бастауыш партия ұйымдарына сүйене отырып, —деді ол,— облыстық партия комитеті мен аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығы саласындағы басты міндетті —ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты мол өнім алып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөніндегі міндетті қажырлылықпен орындауға жетісуде. Жер шаруашылығын өркендетудегі кейбір табыстармен және ұйымдық-партиялық жұмыстың біраз жақсаруымен қатар ірі кемшіліктер мен қателіктер де бар. Бұл кемшіліктер мен қателіктер мынада: қуатты техника бола тұрса да, көптеген колхоздар мен МТС-тер аса маңызды ауылшаруашылық жұмыстарының шешушідеуіне жол береді. Көптеген колхоздарда егіншілік мәдениеті әлі де төмен дәрежеде, шоп егу ісінің жайы қанағаттанғысыз, ауылшаруашылығы мен өнер-

сонымен қатар, мұндай заңсыз істерге оның өзі жол берген кездері болды.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы жоғарғы жол басқармасында ақша қаражаттарын заңсыз жұмсауға қарсы, жұмыстың өзіндік бағасын кеміту, пайдалылығын арттыру жолында ойғағдай күрес жүргізілмей отыр. Бұл басқарманың бастығы Буданцев жолдас соңғы төрт жылдың ішінде машина-жол станцияларында ақша қаражаттары мен материалдың есен жайы мен дұрыс жұмсауын тексеруді бір рет те ұйымдастырмаған.

Қазақ ССР Министрлер Советі барлық министрліктер мен ведомстволардың өкіліне шаруашылық жұмысы туралы жыл сайын қаулылар мен бұйрықтар шығарады, бірақ, олардың басшыларына тиісті талаптар қоймайды. Республиканың сауда Министрінің ұрлықтың және дүние-мүлікті шашудың көп болуы, көптеген сауда кәсіпорындарының зиянға ұшырауы салдарынан соңғы жылдарда оздерінің айналмалы қаржысын қалпына келтіру үшін мемлекеттік бюджеттен елеуір қаржы алды. Алайда, республиканың Министрлер Советі бұл үшін Министрліктің басшыларының, еңалдымен, Министр Сапарғалиев жолдасның жауаптылығы туралы мәселе қоймай отыр.

аудандық партия комитеттері, —деді Су-жиков жолдас, —соңғы уақыттың ішінде партиялық —саяси және идеологиялық жұмыстың мәселелеріне әер салып, онымен неғұрлым терең шұғылдана бастады. Осының нәтижесінде идеологиялық майданда жұмыстың біраз жақсарғандығы байқала бастады. Дегенмен, әлі де көптеген кемшіліктер мен олқылықтар бар, идеологиялық жұмыстың дәрежесі әлі де төмен болып отыр.

Жазушылардың, әдебиет зерттеушілердің, тарихшылардың және тіл зерттеушілердің кейбір бөлігі осы уақытқа дейін өз қателіктерін сынап, баспасөзде жазған жоқ, әдебиет пен искусствоны өркендетуге белсене қатыспайды. Жеке творчестволық қызметкерлер арасында ағайып-туықандық, жерлестік, тамыр-таныстық орын алып, мұның өзі сын мен өзара сынды өрістетуге кедергі болып, қателіктерді ашуға бөгет жасап отыр. Бізде кәзіргі заманның тақырыбына жазылған шығармалар әлі де аз.

Республиканың творчестволық және ғылыми мекемелері әдебиет зерттеу саласында, қазақ әдебиеті мен искусствосының шын мәнісінде ғылыми тарихы мен теориясын жасау жөнінде жұмысты мүлде

Халық-ағарту саласындағы өсіп отырған міндеттер жұмыстағы жемшіліктерді жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануды, партия және совет ұйымдарының мектен-ке, оның тілектері мен мүддесіне назарын күшейтуді талап етеді.

Будан кейін Су-жиков жолдас республиканың партия ұйымының алдында ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде тұрған міндеттер туралы айтты. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау көп жағдайда село халқының арасындағы партиялық-саяси және мәдени-ағарту жұмысының дәрежесіне байланысты. Алайда, бұқара арасындағы саяси жұмыстың жайы қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Талдықорған, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және басқа бірқатар облыстардың көптеген колхоздарында, МТС-тер мен совхоздарында саяси және мәдени-ағарту жұмысы салақсып кеткен. Бұл облыстарда үгіт коллективтерінің аты ғана бар, партия ұйымдарының секретарьлары оларға басшылық етпейді, үгітшілерге нұсқау беріп отырмайды, оларға бұқара арасында саяси жұмыс істеу өнерін үйретпейді.

Республиканың бірқатар облыстарында мәдени-ағарту мекемелерінің, саяси және



қыстату орындарын тыңғылықты әзірлеу жөнінде тұрақты құрылыс бригадалары жұмыс істейді. Сол сияқты, қысқы күндерде мал күту үшін тәжірибелі малшылар кәзірдің өзінде іріктеліп алынған.

Мал қыстатуға әзірлік ісінде Приешім және Соколов ауданының колхоздары, Киров атындағы және Возвышен совхоздары сияқты озат шаруашылықтар да мұқият әзірленуде. Булаев ауданындағы Чистов совхозында кәзірдің өзінде мал қыстайтын орындар толық әзірленген.

Малды қолда бағу маусымына мұқият әзірлену қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде алған міндеттемелердің

мал өсірушілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, мал қыстату маусымына тыңғылықты әзірленуді қамтамасыз етуге міндетті. Ол үшін әрбір фермада құрылыс жұмыстарының жедел қарқынмен жүргізілуіне жетісу керек. Қысқы маусымда мал күтімін мейлінше жақсарту, қоғамдық малды жем-шөпмен, жылы және жарық қоралармен қамтамасыз ету мал шаруашылығында жаңа табыстарға жетуге толық мүмкіншілік беретінін ешқашан да естен шығаруға болмайды.

Барлық түлік жылы, жарық, кең қоралармен қамтамасыз етілсін.

## Еділдондықтардың үлгісімен

**ӨСКЕМЕН.** (ҚазТАГ). Салынып жатқан құрылыс ішінен 310 тонналық ораси зор кранның түсірілген даусы естіледі. Кран монтаждау алаңына зор металл бөлшекті әкелген кезде оны Леонид Скуратовичтің монтажшылар бригадасы қабылдады. Кранның ол бөлшекті дәлме-дәл әкелгендігі сонша, бөлшек өзіне арналып қойылған орынға келіп орналасты.

—Жарайсың Мақшаева!—деп айқайлады монтажшы Дрожжин крановницаға.—Жарайсың, еділдондықтарша істейсің!

Скуратовичтің бригадасы Өскемен СЭС-нің құрылысына В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналынан келді. Жаңа құрылысқа келген күннен бастап бұл бригада ұлы құрылыстың дақты дәстүрлерін берік сақтап стахановша еңбек етуде. Оның бригадасы күнделікті нәрмасын 150 проценттен кем орындап көр-

ген жоқ. Бүгін түнгі сменда стахановдық коллектив крановница Мақшаевамен ынтымақтаса отырып, тапсырмадан екі есе артық бөлшектер құрастырды. Кәзір бригада айлық тапсырмасын толық орындады.

«Еділдондықтарша істейік!» Бұл құрылыстың барлық жұмысшылары үшін жауынгерлік ұранға айналды. Өскемендіктер Еділ—Донның тәжірибесін, оның құрылысына қатысушы Куршановтың, Скуратовтың, Александровтың тағы басқалардың тәжірибелерін үйренуде. Иван Костенконың, Антон Цоневтің, Василий Кожуковтың, Жұмабай Базыловтың тағы басқаларының бригадалары сменалық тапсырмаларын күн сайын 2—3 сағат бұрын орындайды. Өскемен СЭС-нің әрбір екінші құрылысшысы ноябрь және декабрь айларының есебіне әрбір оныншы жұмысшысы —1953 жылдың есебіне еңбек етуде.

## Тұғыз айлық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

**ГҮРЬБЕВ.** (ҚазТАГ). Сағыз мұнай кәсіпшілігінің коллективі жаңа өндірістік табысқа ие болды. Бұрғылау жұмыстарының тоғыз айлық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Ай ақырына дейін бұрғышылар тапсырмаға қосымша тағыда жүздеген метр скважина бұрғыламақ болды. Мастер Есмағамбетовтың бригадасы өзінің

алған міндеттемесін стахановтық еңбегімен жүзеге асырды. Кеше бригада жаңа скважинаны пайдалануға тапсырды.

«Қазақстаннефтеазведка» тресінің екінші және бесінші разведкаларының бұрғышылар коллективтері тоғыз айдың жоспарын орындағандығы туралы рапорт берді.

үшін жиі сыналды, бірақ, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы мен республиканың Министрлер Советі Дағындау Министрлігі қызметкерлерінің өздеріне жүктелген жұмысқа жауаптылығын күшейту шараларын қолданғаны әзірге байқалмайды.

Бобров жолдас облыстың МТС-терінде бір үлгімен жасалған мастерскойлар болып, оларды инженер-механиктермен қамтамасыз ету керек деген мәселе көтерді.

Қазақ ССР Мемлекеттік бақылау Министрі **А. Оңғарбаев** жолдас республиканың бірқатар министрліктері мен ведомстволарының жұмысы қанағаттанғысыз екенін айтты.

—Республиканың өнеркәсіп орындарының жұмысындағы әлсіз жерінің бірі,—деп көрсетті Оңғарбаев жолдас, —өнімнің өзіндік бағасын кеміту жолында, жоспарды орындау үшін және социалистік қорды арттыру үшін керекті ішкі шаруашылық қорларды жұмылдыру жолында нағыз күрес болмай отырғандығы. Өнімнің өзіндік бағасын кеміту жөніндегі жоспарлы тапсырмаларда көп жағдайда кәсіп-орындардың ішкі шаруашылық қорларын пайдалану көзделмейді, бағалардың артуына, материалды, отынды жұмсау нәтижелерінің, жалпы заводтық және басқа шығындардың артуына жол беріледі. Өткен жылдың және үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанының өзінде ғана республиканың тамақ өнеркәсібі Министрлігінің кәсіпорындарында ысыраптар мен зындар 15 миллион сомнан артық болды. Онда шивізатты, даяр өнімді, ыстығы және басқа заттарды ұқыпсыз жұмсау, орыңсыз шығынға есептеу, социалистік меншікті ұрлаушыларға тікелей қамқорлық көрсету фактілері дағдылы әдетке айналған. Мұның бәрінің болу себебі —тамақ өнеркәсіп Министрі Бутин жолдас, бұл Министрліктің коллегиясы шаруашылық ұқыпсыздыққа, орыңсыз шығынға қарсы ойдағыдай күрес жүргізбейді, өз бұйрықтарының орындалуын бақылап отырмайды. Министрліктің нормадан тыс ысырап болған өнімді өз бетімен зиянға есептеу фактілеріне жол бергені былай тұрсын,

жетілуде. Прокат цехындағы барлық вальцовщиктің үштен бірі —қазақ қандарлы, ал, мартен цехындағы болат балқытушылар арасындағы қазақтар 75 процент болып отыр. 16 жас қазақ жұмысшылары цех шеберлері мен смена бастықтарының дәрежесіне жетіп өсті.

Жұмысшылардың өндірістік-техникалық шеберлігінің артқанын мынадай фактілер айқын көрсетеді. Өткен жылы мартен пештерінің әрбір шаршыметр табанынан орта есеппен 5,51 тонна болат алынаса, быйыл 6,54 тонна болат алынды. Болат балқыту мерзімінің орташа ұзақтығы өткен жылы 7 сағат 9 минут болып орнына быйыл 6 сағат 50 минут болып отыр. Быйыл балқытылған болаттың 80 проценті шапшаң әдіспен балқытылды. Заводтың таңдаулы болат қорытушылары Көкенов, Кәрімов және Насреддинов жолдасстар болатты тек шапшаң әдіспен қорытады. Барлық прокат стандартында жобада көрсетілген тапсырмалар анағұрлым асыра орындалды. Кәзір прокат өткен жылғыдан едәуір көп шығарылуда.

Заводтың коллективі партия ұйымының басшылығымен өндірістің жаңа қорларын табу жөнінде зор жұмыс істеуде. Мартен пештері мен прокат стандартының жұмыс ағталық-тәуліктік график бойынша жүргізіліп, бұл графикте болат пен прокатты жоспардағыдан едәуір артық шығару көзделген.

Дәрібаев жолдас Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі металлургиягердің жаңа қаласы —Теміртаудағы мәдениет орындары мен тұрғын үйлер салу мәселелерін ойындағыдай шешпейтінін, бұл қаладың теңдірегінде овоң, картон базасын жасауға қамқорлық көрсетпейтінін айтты.

Мінбеде —Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары **М. Ә. Сужиков** жолдас. Ол өзінің сөзін идеологиялық жү-

Мінбеде —Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің нұсқауларынан, Қазақстан К(б)П VIII пленумы мен Қазақстан большевиктері V съезінің қарарларынан туағын идеологиялық жұмыстың міндеттеріне арнады.

—Көптеген облыстық, қалалық және

бір миллион мұғалім де көп Көптеген мектептердің сабақтары БК(б)П Орталық Комитетінің қатар партиялары бұл ығынды мен облыс жұмысшысы бейді. Бұл ына түсе қорытынды

Оқу мектептердегі халықаралық жұмысқа орнын арттыр бөледі. Мектеп отыру ті тәртіп мен мектеп лап отыру ген жоқ.

Партияның жылдық жоспарының жобасына қалаларда, облыстарда өнеркәсіп саясында жаңа бірдей тау көзделіне бірегей зеге асыру дегі қойыл қада орта аса арттыр мұғалімдер гикалық өкітис, педагогикалық жеткілікті педагогикалық ұйымдастыр



# Қазақстан К(б)П VI съезі

## 22 сентябрьдегі таңертеңгі мәжіліс

ның сол жақ игеру бұл ол өнім алуға, ендіту үшін мүмкіндік берелерінің ині-бі бұдан кейін ылы осы ара-п, бір мың ыңғалды, үш қа су жайыл-уашылығына астаманы қол-ан онан әрі Қызылқұм ылымдық және игеруді шү-К(б)П Орталық Советі ді, бірақ, ол

қатар, мал- жұмысын оқталды е флотқа кө- республикалық председателі өзін еңбекші-нің жұмысын ды.

совхоздар Ми- Д. Власенко совхоздардың іліктерге то-ның совхоздар мал шаруашы-лық жолау-ашылығының есе, жемшөп ойылған жоқ. 20 сентябрь-цент қана Қарағай

жанар және жағар майлармен жабдықтау-ды үздіксіз қамтамасыз етпеген ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Главнеф-тесбыт кінәлі.

Ауыл шаруашылығы Министрлігі, Ми-нистрлер Советі және Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті МТС-тердің экономи-касына терең зер салмайды, оларды ұйымдастыру- шаруашылық жағынан нығайту үшін күреспейді.

—Республиканың ауыл шаруашылығы министрлігінің жұмысындағы басты кем-шілік мынада, —деді бұдан кейін Ала-менко жолдас. — Министрдің кейбір орын-басарлары мен мамандар ашпаратта оты-рып алады. Министрлік жұмысының жа-рамсыз стилін мынадай фактінен көруге болады. Осы жылғы августа ауыл шар-уашылығы Министрінің орынбасары Струков жолдас біздің облысымыздан Солтүстікке 110 комбайншы жіберті. Бұл комбайншылар Алматыға келіп, күн-де бірнеше күн тұрды. Онан кейін кәжә-ті болмағандықтан, олардың бәрі кері қайтарылды. МТС-тердің жұмысына бас-шылықты белгілінен жақсартып, селолық механизатор кадрларын іріктеп, үйрету және тәрбиелеу ісіне күнбе- күн шұғыл-данып отыру керек.

Қазақ ССР Ішкі Істер Министрі В. В. Губин жолдас өзінң сөзінде республи-лық және облыстық жеке ұйымдардың ауыл шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктеріне тоқталды. Ол мақта шар-уашылығын өркендету ісімен шындап шұғылданбайтын. Жетісай жерін және жер суару жүйелерін игеруде Оңтүстік Қазақстан облысына нашар көмегісін отырған республиканың мақта шаруашы-лығы Министрінің сынады. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы 5 августа Жетісай ауданын игеру ісіндегі

жеңуді қамтамасыз ете алмады. Бассейн-нің партия және шаруашылық басшы-лары кадрлар даярлау және оқыту мәсе-лелерімен нашар шұғылданады. Әділов жолдас Қарағанды қаласында кен инсти-туттың, Қарағанды кен техникумы жа-нында кешкі бөлімше ұйымдастыру қа-жет деп санайды. Мұның өзі таяудағы екі-үш жыл ішінде шахталарды, маман техниканы білетін, көмір өндіруді жаңа-ша ұйымдастыра білетін кадрлармен го-лық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әділов жолдас Қазақ ССР Ғылым ака-демиясын ғылыми-техникалық мәселелер-ді шешуге нашар қатысып отырғаны үшін сынады. 1949 жылы Қарағандыда академияның көшпелі сессиясы өткізіл-ді. Онда көптеген материалдар мен ұса-ныстар жыйналған еді, бірақ, осы ұз-қытқа дейін бұл материалдар жүзеге асырылған жоқ. Бұған көбінесе Қазақ-стан К(б)П Орталық Комитеті, оның ғы-лым-мен жоғары оқу орындары және ауыр өнеркәсіп бөлімдері кінәлі, өйткені, олар ғылым академиясының жұмысына кәсіпорындардың жұмысымен байланыс-тырмады, олардың өзара ынтымағын кү-шейтпеді.

Қарағанды бассейнінде электр қуаты тапшы болып отыр. Осыған қарамастан Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, оның ауыр өнеркәсіп бөлімі бассейнің кәсіп-орындарын электр қуатымен жабдықтау-

ды жақсарту шараларын осы уақытқа дейін қолданбай келеді. Қарағандыда көптеген көкестелетін көмірдің тиімсіз пайдаланылып отырғаны да Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жақсы біледі. Бірақ, ол көкестелетін көмірді тікелей мақсатқа пайдалану үшін ықпалды ша-ралар қолданбай отыр.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюросы партия ұйымдарына жеткілікті басшылық етіп отырмайды. Мұны Орталық Комитеттің жетекші бөлімінің — партия, кәсіподақ және комсомол орган-дары бөлімінің жұмысынан көруге бола-ды. Екіжарым жыл ішінде —деді ше-шен, —Қарағанды облысында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жауапты ұйымдастырушысы үш рет ауыстырыл-ды, ал, быты Қазақстан К(б)П VI съезі-ге дейін Орталық Комитеттің жауапты ұйымдастырушысы мүлде болған жоқ. Бұл бөлім Қарағанды қалалық партия комитетінің екінші секретарын бір жыл бойы іріктеумен болды. Қарағанды облыс-тық партия комитетінің осы қызметке ұсынған кандидатуралары қабылданбай тасталды. Ақырында, бөлім бұл қызмет-ке бұрын ауыл шаруашылығында істе-ген, көмір өнеркәсіпін білмейтін жолдас-ты жоғарылатты.

Қазақ ССР су шаруашылығы Министрі А. Д. Дауылбас жолдас Қазақ ССР су шаруашылығы Министрлігі мен оның

жергілікті орындарының жұмысына ай-тылған сынды дұрыс деп мойындады. Сонымен қатар, республикада су шар-уашылық құрылыстар жоспарларының орындалуы жылдан-жылға нашарлап отырғанын көрсететін мәліметтер келтір-ді. Су шаруашылығын өркендетуге мем-лекет бөлген көп қаржы пайдаланылмай-ды.

—Қызылорда илотинасының құрылы-сы, —деді Дауылбаев жолдас, —он жыл-дан бері салынып келеді, бірақ, бұл құ-рылыста күрделі қаржы жұмсау жоспары небары 33 процент қана орындалды. Іс жүзінде бұл құрылысқа бытыл ғана кірі-сіліп отыр. Мұндай құрылыстарда еңбек-ті көп керек ететін жұмыстар мейлінше механикаландырылуға тиіс. Алайда, ССРО мақта шаруашылығы Министрігі құрылысты жер қазатын механизмдермен, экскаваторлармен, топырақ сорғыштармен қамтамасыз етпеді. Қызылорда илотинасы 1952 жылы салынып бітуге тиісті. Осы маңызды құрылысты деркезінде аяқтау ісінде республиканың су шаруашылығы органдарына барынша көмектесу қажет.

Бұдан кейін Дауылбаев жолдас Жеті-сай жер суару жүйесінің құрылысын аяқтау міндеттеріне тоқталды.

Шешен сөзінің қорытындысында жер суарудың жаңа жүйесіне көшу мәселелерін айтты.

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталды.

## 22 сентябрьдегі кешкі мәжіліс

Кешкі мәжілісте Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен Тексеру комиссиясының есепті баяндамалары бойынша жа-рыссөздің жалғасы болды.

Председательдік етуші Яковлев жолдас Беген аудандық партия комитетінің се-кретары С. Жұбанқынов жолдасқа сөз

отырғанына, егіншілік мәдениетінің тө-мендегеніне, агротехниканың бұзылуына, колхоздардың, МТС пен совхоздардың көптеген басшыларының, тіпті мамандар-дың егін шырымдылығын арттырудың маңызды тәсілдерін: зяб пен пар жырт-ту, күдік егісті ерте көктемде тырмалау

ді. Малға күшті азық, құнарлы жемшөп берілмейтіні былай тұрсын, тіпті қысқы уақытта жай шөптің өзімен де қамтама-сыз етілмейді, ал, бірақтар жағдайда ашыққа ұшыратылады. Бұл жағдайға онан әрі тезуге болмайды. Малды сауы-тыру, профилактика шараларын ұстау



ды. Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен оның жергілікті орындарының назары көбінесе жоспарды сан жағынан орындауға арналып, жұмыстың сапасын арттыруға көңіл аз бөлінеді. Тұқымды тәртіпсіздікпен әдіспен себу, тұқымға қосын түйіршіктелген тыңайтқыш енгізу сыяқты және басқа маңызды агротехникалық шаралардың орындалмай қалуына, оны бұрмалауға кімнің жауапты екеніне зор салындайды.

Бұдан кейін шешен республикада ауыл шаруашылығы мамандарының ролі төмендетіліп отырғанын айтты. Олар бір-сыпыра жерлерде санақшыға айналдырылып, озат тәжірибе мен ғылымның қасыстарын өндіріске енгізу ісімен шұғылдануға олардың мүмкіншілігі болмай отыр. Оларды жұмысқа дұрыс пайдалану керек. Колхозшыларды ұшкылық агротехникалық курстарда оқыту мемлекеттік зор маңызы бар шара болып табылатын. Бірақ, бұл шаралар жыл сайын қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді.

—Бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген міндеттерді ойдағыдай орындау үшін, —деді Чукичев жолдас —партия, совет және ауылшаруашылық органдары егіншілік мәдениетін арттыру мәселелеріне үнемі баса көңіл бөлетін болуға тиіс.

Қызылорда облысы, Жаңа Қорған аудандық партия комитетінің секретары **Б. Ө. Өтешов** жолдас өзінің сөзінде Қазақ ССР мақта шаруашылығы Министрлігінің, оның басшысы Қыстауов жолдасын мақта шаруашылығына нашар басшылық жасап отырғанын айтты. Қызылорда облысында су мәселесін шешпейінше ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы айтуға болмайтынын Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі біледі. Бірақ бұл мәселе осы уақытқа дейін толық шешілген жоқ. Өтешов жолдас Сырдарияның сол жақ жағалауында канал салу қажет екенін айтты. Мұның өзі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан және Фрунзе аудандарының, Қызылорда облысының Жаңа Қорған ауданының ондаған мың гектар құнарлы кең жерлерін игеруге

терде инженер-механиктер, электрліктер тым аз. Республикада ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институтын ұйымдастыратын уақыт жетті.

—Совхоздар жұмысының қанағаттанғысыз болуы үшін Министрліктің басшыларына зор жауаптылық жүктелетінін түсіне отырып, —деді Власенко жолдас, —мен аудандық және облыстық партия, совет органдарының жеке басшыларының совхоздарға мүлде дұрыс қарамайтындығына съезд делегаттарының назарын аудару қажет деп есептеймін. Совхоздарда социалистік меншікті ұрлау фактілері орын алып отыр, мемлекеттік меншікті талан-таражта салушылар көп жағдайда жазаланбай қалатыны былай тұрсын, тіпті жергілікті партия, совет органдарының кейбір басшылары оларды қорғап, қамқорлығына алады. Жамбыл, Алматы, Ақмола облыстарында совхоздардың жерді пайдалану тәртібін жәпшай бұзушылық, совхоз мүлкін көп ұрлаушылық фактілері орын алып отыр.

Сөзінің қорытындысында Власенко жолдас республика совхоздарының қызметкерлері бесінші бесжылдық жоспарда қойылған міндеттерді орындау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды деп съезге уәде берді.

Жамбыл облысы, Шу МТС-нің директоры, Социалистік Еңбек Ері **Г. А. Адамсено** жолдас ауыл шаруашылығы Министрлігінің МТС-тер жұмысына қанағаттанғысыз басшылық жасайтыны үшін сынады.

—Кәзіргі уақытта, —деді ол, —колхоз өндірісін механикаландыру дәрежесі етәуір артқан кезде, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, еңалдымен МТС-тердің жұмысына байланысты. Солай бола тұрса да, МТС-тердің жұмысында елеулі кемшіліктер бар. МТС-тердің қуатты техникасы қанағаттанғысыз пайдаланылады. Мәселен, Жамбыл облысы МТС-терінің трактор паркi август айында техникалық және ұйымдастыру жұмыстарының шалағайлығынан барлық жұмыс уақытының 23 процентін босқа өткізді. Трактор паркiнің босқа тұруына

көптеген нұсқаулар жазылады, бірақ, партия мен үкметтің директиваларын, өздерінің қарарларын орындау жөнінде ұйымдастыру жұмысын жүргізуге көңіл аз бөлінеді. Быйылғы жылдың өзінде ғана Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мен облыстық партия комитеттері мал шаруашылығын өркендету, берік жемшөп қорын жасау мәселелері жөнінде ондаған қарарлар қабылдады. Бірақ, жемшөп дайындау ісінің жайы әлі де ойлағандай болмай отыр.

Қарағанды қалалық партия комитетінің секретары **А. Әділов** жолдас өзінің сөзінде Қарағанды қалалық партия ұйымының БК(б)П Орталық Комитеті мен Қазақстан К(б)П V съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, есеп беріп отырған уақыт ішінде көмір өнеркәсібіне басшылықты жақсарту, шахталардың, құрылыстардың, кәсіпорындар мен транспорттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерін техникалық прогресті онан әрі дамыту, мемлекеттік жоспармен **И. В. Сталин** жолдасқа жазылған хатта алынған міндеттемелерді орындау жолындағы күреске жұмылдыру жөнінде біраз жұмыстар істегенін айтты. Шахталарда көп техникасы барған сайын кеңінен енгізіліп, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың жаңа, прогресшіл әдістері қолданылууда.

Шахталар мен құрылыстардың партия ұйымдары жұмысының тәжірибесін айта келіп, Әділов жолдас қалалық партия ұйымының жұмысында әлі де көптеген елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті.

—Біз шахталар мен құрылыс орындарының жұмысты бірқалыпты істеуін, —деді ол, —барлық кәсіпорының, учас-токтердің, бригадалардың және әрбір жұмысшының жоспарды орындауын қамтамасыз ете алмадық. Шаруашылыққа үқыпсыз қараушылық, материалдары, электр қуатын және ақша қаражатын артық жұмсаушылық әлі де орын алып отыр. Қалалық және аудандық партия комитеттері жана техниканы меңгеру, көмір өндіруде цикл алу графигін ұйымдастыру ісіндегі қыйыншылықтарды тез

сыз істейді. Ғылым академиясының эксперименталдық биология институты биозы жүнді қойдың жаңа түрлерін—Қазақтың аркар-меринос қойын өсіріп шығарды. Бірақ, қойдың бұл тұқымын өндіріске енгізу ісімен ешкім шындал шұғылданбай отыр. Республиканың ауыл шаруашылығы Министрлігі мемлекеттік тұқым малы рессадниктерін ұйымдастыруда шабандық істеуде. Ғылыми зерттеу институттары табиғи шабындықтар мен жайылымды жақсарту ісімен жеткілікті шұғылданбайды.

—Быйылғы февральда, —деді Жұбандықов жолдас, —республиканың Министрлер Советі біздің ауданда биозы жүнді қой шаруашылығын өркендету шараларын белгіледі. Бірақ, бұл шаралары белгілеуге аудан басшыларының ешқайсысы қатыспалы, сөйтін, өз пікірімізді айтуға біздің мүмкіндігіміз болмады.

Жұбандықов жолдас биозы жүнді қойдың жаңа тұқымын өндіріске жаппай батыл енгізуді, малды азықтандырып, күтуге қолайлы жағдай жасауды, сөйтін, малдың өнімділігін онан әрі арттыру дәрежесіне жетуді ұсынды.

Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі **Е. Тайбеков** жолдас БК(б)П Орталық Комитетінің республика партия ұйымының алдына қойған міндетін —таяу жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының товарлы өкімін екі-үш есе арттыру міндетін айтты. Ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін осындай көлемде арттыру үшін егіншілік мәдениетін батыл жақсартып, колхоздар мен совхоздарда шөп танапты ауыспалы егісті кеңінен енгізу керек. МТС-тердің машина-малшаруашылық станциялар мен совхоздардың аса бай техникасын неғұрлым өнімді пайдаланып, агротехникалық озат тәсілдерді колхоз бен совхоз өндірісіне қажырлылықпен енгізіп отыру керек.

—Ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы министрліктерінің, совет органдарының және еңалдымен, Қазақ ССР Министрлер Советінің, —деді Тайбеков жолдас, —бұл мәселелермен әлі де қанағаттанғысыз шұғылданып

өнімдерін молайтуның алдына қойылауда машина-малшаруашылық дамырушылық ролі.

Тайбеков жолдас саяқтап, мал санының ағыз күрсөйтті. Совет және партияның көпте қыстатуға әзірлік дегенге көңіл бөлді.

Мал шаруашылығын арттыру көбінесе жақсартуға байлап кезде бұл бағыттеді. Республикада тұқымдары —ры, Алату, Әулие мен қатар, қойды биозы жүнді қазапос қойы өсіріліп қаға көптеген аснуде. Фермаларда лай биозы жүнді, дың үлес салмағы совет Одағында м алдағы орындарды Қазақстан мал ш лді жөнінде обл республикалардың қалуда, осының маңызды түрлерін руде. Мұның себе мекемелер, ғылыми мамандардың жеке тұқымдарын өсіру ми мекемелер мен тұқымдарын жеті асылдандыру ісін руга, ССР Одағы тұқымына қарай на сәйкес малды қымдарын колхоз, датын отыруға м

Мал шаруашылығын басқа, б себепі сол —мал ніндегі жұмыс ме жағдайларымен қ



# К(б)П VI съезі

## ешкі мәжілістің соңы

қажеттігі бар деп

көмір комбинатының  
Иноземцев жолдасқа бе-

үшінші көмір орталық—деді ол,—партияның ту туралы БК(б)П Ортақ аулысын бұрын-соңды және саяси өрлеумен т Одағын өркендетудің дарға арналған бесжылдық шаруашылығын үте, совет адамдарының қуаты мен мәдениетін ің қуатын нығайта бе-

ілері халық шаруашы- келтіріп, өркендетудің ын афроймен орында- дың өткен сегіз айында даған мың тонна энер- жетелетін көмір шы- ылардың еңбек өнімді- мен салыстырғанда 9,5

ғанды көмір комбинат- кейін Иноземцев жол- ылған міндеттерді әді- отыр. Ол шахталар- ен цехтардың бірқа- еуін қамтамасыз етпе- бинат бойынша жоспар да, екі трес, шахта- рдің жартысына жуы- ылардың 20 процент- р мен нормаларды технология баяу иге- прогресшіл әдістері на- мбинат шахталарында төмен, хауіпсіздік тех- ыстарын жүргізу ере- ілері жиі кездеседі.

пайдалануға ұтпа-

мек көрсетпейді. Біздің ауданымыздың облыстың экономикасын өркендетуде және берік жемішпен басасын жасауда зор маңызы бар. Қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалану үшін суландыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асыру керек. Біз бұл мәселелерді ауыл шаруашылығы Министрлігінің, Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің көмегі арқылы ғана жүзеге асыра аламыз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті **Д. А. Қонаев** жолдас өзінің сөзінде жаңа бесжылдық жоспар Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету үшін кең перспективалар апаратынын атап көрсетті. Бесжылдық жоспар қойған міндеттерді орындауға, —деді Қонаев жолдас, —ғалымдар белсеніе қатысуға тиіс. Жаңа өскен талаптарға сәйкес Қазақ ССР Ғылым академиясының алдына ғылыми зерттеу институттарының жұмысын қайтадан құру талабы қойылады. Шешен республиканың өндіргіш күштерін өркендету ісінде ерекше маңызы бар бірқатар мәселелерге тоқталды. Орталық Қазақстанда өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, әсіресе, мал шаруашылығын мейлінше өркендетуге барлық мүмкіншіліктер бар. Алайда, судың жеткіліксіздігі осы мүмкіншіліктердің сарқа пайдаланылуына кедергі жасайды. Алдын-ала жасалған сөздер Орталық Қазақстанның экономикасының белгіленген өсу қарқыны талудағы жылдардың ішінде судың қажетті мөлшерде болуын қамтамасыз етуге байланысты екенін көрсетеді. Бұл жөнінде Ертіс өзенінің маңызы өте зор.

Осы мәселеге ерекше маңыз бере отырып, Қазақстан Коммунист Партиясының V съезі Орталық Қазақстан аудандарына Сибирь өзендерінің суын жеткізу мүмкіншіліктерін анықтау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде нұсқау бер-

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары жобасы еліміздің халық шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркендетудің, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын, денсаулық сақтау ісін және мәдени дәрежесін арттыра берудің сталиндік программасы болып табылады. Қала мен ауыл-село үгітшілері жаңа бесжылдық жөніндегі документтің зор маңызын әрбір совет аламына жете түсіндіруге тиіс.

Жаңа бесжылдықтың жоспары социализммен коммунизмге бірге-бірге өтудің жолдарын көрсетеді. Советтік бесінші бесжылдықтың әрбір цифры елімізде азық-түлік молшылығын барған сайын мөлдітудің, бақытты өміріміздің гүлдеге беруінің, Отанымыздың күш-қуатын арттыра берудің бейнесі. Міне, сондықтан да совет адамдары жаңа бесжылдықтың материалдарын зор ықыласпен тыңдап, шын жүректен қуаныш білдіреді.

Үгітші бұл тақырыпта әңгіме өткізу үшін еңбекшілердің күн санап өсіп отырған саяси, өндірістік белсенділіктері мен талаптарын еске алып, әңгімеге тыңғылықты әзірленуге тиіс. Әңгіме өткізу үшін үгітшінің қолында тек жаңа бесжылдықтың жоспары жөніндегі директивалар жобасының болуы жеткіліксіз. Ол қосымша материалдарды пайдалануы керек. Үгітшіге мынандай қосымша материалдарды оқы деп айту қиын. Дегенмен, үгітші Сталин жолдасының партияның XVIII съезінде жасаған есепті баяндамасын, 1946 жылы 9 февральда сайлаушылар алдында сөйлеген сөзін міндетті түрде оқып, әңгімені әрбір мекеменің, өнеркәсіптің, колхоздың, совхоздың ал-

# Жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директивалар жобасы туралы әңгімені қалай өткізу керек

Республикамыздың ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы үздіксіз өркендеуде. 1940 жылмен салыстырғанда колхоздар бойынша сыйыр малы екі есе, қой-ешкі үш есе және жылқы екі есе көбейді. Республиканың алдығы қатарлы колхоздары мен совхоздары қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің үшжылдық жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындады.

1952 жылы совет халқы коммунистік құрылыс саласында жаңа табыстарға ие болды. Коммунизмнің ұлы құрылыстарының бірі —В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатнасы каналының пайдалануға берілуі тамаша жеңістердің бірі болып саналады.

Канал советтік екі өзенді: Еділ мен Донды қосты. Отанымыздың астанасы Москва бес теңізді қосатын қалаға айналды. Бірақ, каналдың маңызы мұнда ғана емес. Донның суы екіжарым миллион гектардан астам жерді суландырады. Ал, Дон өзеніндегі Цимлянск су станциясы халық шаруашылығына жүздеген миллион киловатт-сағат электр қуатын береді.

Біздің еліміздің бейбіт құрылыстың тамаша жеңістеріне дүниежүзі бейбіт сүйгіш, прогресшіл адамзат қуаныш білдіруде.

«Совет Одағының жеңістері,—деп жазды қытай газеті «Вэньгуйбао»,—бұл сонымен бірге, бүкіл дүниежүзі халықтарының жеңісі. Өйткені, Совет Одағының қуаты бейбітшілік пен демократияның күшті қуаты болып табылады.

Осы фактілердің барлығын үгітші партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жөніндегі директивалар жобасының мазмұнын түсіндірер алдында айта кетуі

дүниежүзінде бірінші орынға ие болады. Өнеркәсіппен бірге, жаңа бесжылдық ауыл шаруашылығы онан әрі өркендейді. Үгітші ауыл шаруашылығы жөніндегі басты міндет алдағы уақытта да барлық ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын онан әрі көбейту, оның өнімділігін едәуір арттыру екенін ерекше атап көрсетуі керек.

Большевиктік партия мен совет үкімет ауыл шаруашылығын үнемі қамқорлық жасап, көмек көрсетіп келеді. Тек 1952 жылы деревня 137 мың трактор, 54 мың комбайн және екі миллионнан астам басқа ауылшаруашылық машиналарын алды.

Жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылығын техниканы бұрынғыдан да көптеп алады. Мұнан кейін үгітші коммунистік партияның басты міндеттердің бірі халықты материалдық, денсаулық сақтау ісін және мәдени дәрежесін арттыра беріп отырғанын айтады. Бесінші бесжылдықта халқымыздың ұлттық кірісі 60 процент артады. Мұның өзі жұмысшылар мен қызметшілердің және колхозшылардың кірісі көбейеді деген сөз. Сонымен қатар, көпшілік қолды товарла көптеп шығарылып сауда жұмысы кеңінен өріс алады. Көпшілік тұтынатын заттардың бөлшек сауда бағасын кемітіп алдағы уақытта да үздіксіз жүргізілетін Еңбекшілер бұқарасының материалды және мәдени тұрмысын жақсарту беру тек социализм елінде ғана мүмкін. Капиталистік елдерде өндіріс товарлары мен азық-түлікке бағаның үнемі артып, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі үнемі төмендеп отырғанын көреміз.

Мәселен, Англияда күні бүгінге дейін



ушылығы едосына артып, партия мен совет органдарының күш- жігері быйылғы ауылшаруашылық жұмыстарын неғұрлым тез аяқтауға жұмылдырылып отыр. Облыстың колхоздары астық дайындау жоспарын орындауға және егін жыйнау- ды аяқтауға жақын қалды.

Кенді Алтай коммунистерінің, жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің жыйналыстарда айтқан сөздерін еске ала отырып, партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасына кейбір ұсыныстарымызды енгізу қажет деп есептеймін. Біз Өскемен электр станциясы құрылысының тәжірибесін Бұқтарма СЭС-нің құрылысында қолданатын болсақ, онда бұл станцияны белгіленген мерзімнен анағұрлым тез салып бітіруге болады деген қорытындыға келдік. Мұнымен қатар, Өскеменде кен-байыту және металлургия жабдықтарын жасайтын ірі машина заводын салуды, сондай-ақ, байыту фабрикаларының қалдықтарын алюминий өндіру үшін, фосфориттің орасан бай қорын суперфосфат жасау үшін

тасып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды және оларды ойдағыдай орындауды. Жай жемшөп дайындау жоспары 102 процент орындалды, 16 колхоздың ішінен 14 колхоз жоспарды артығымен орындап, тапсырмадан тыс мал азығын дайындауда. Мал үшін 30 қора жаңадан салынып, 119 қора жөнделді.

Өміршім жолдас бесжылдық жоспар мал шаруашылығында механикаландыруды кеңінен енгізуді көздейтінін айтты. Алайда, бұл жөнінде облыстың көптеген аудандарында істелген жұмыс әлі аз. Қызыл Қоға ауданындағы екі машина-малшаруашылық станциясының әлі күнге дейін жондеу мастерскойлары жоқ. Механизатор кадрларын даярлау ісі ойдағыдай жолға қойылмаған. Осының салдарынан жұмыстың бірде-бір түрі механикаландырылмады. Шөп шабу, үю және құдық қазу жұмыстары қолмен жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы Министрлігі облыстың машина-малшаруашылық станцияларындағы осындай қолайсыз жағдайды біле тұрып, оларға нақты кә-

академиясы Президиумының республика халық шаруашылығының жан-жақты өркендеу міндеттеріне сәйкес ғылыми-зерттеу институттарының тематикалық жоспарларын қайта қарағандығын айтты. Осы мақсатпен жөкелеген институттардың құрылысы өзгертілді.

—Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективі, — деді сөзінің қорытындысында Қонаев жолдас, — бүкіл совет халқы сыяқты партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобасын зор жігермен қарем алды. Қазақстанның ғалымдары өздерінің барлық күштері мен білімдерін Сталин жолдасының ғылым қызметкерлері алдына қойған міндеттерді орындау ісіне жұмсайды.

Председательдік етуші Яковлев жолдас Латвия-Армения, Қырғыз Коммунист (большевиктер) Партиясы съездерінен Қазақстан К(б)П VI съезі атына түскен құттықтауларды жариялады.

Осымен 22 сентябрьдегі кешкі мәжілісте жарыссөз аяқталды.

## Селолық Советтің басшылығымен

Троицк селолық Советінің атқомі өзінің күнделік жұмысында селолық Советтің депутаттары мен активтеріне сүйене отырып, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда көп жұмыстар істеуде.

Селолық Советтің атқомі өзінің мәжілісі мен Советтің сессияларын кезінде шақырып, онда колхоздың шаруашылық және мәдени өмірінен туған мәселелерді жиі талқылайды. Осы жылдың май айында селолық Советтің атқомі өзінің мәжілісінде «Жизнь» колхозында кіріпін заводын салу туралы қаулы алды.

Советтің активтері мен депутаттары кіріпін заводын салу жөніндегі қаулыны жүзеге асырудың қажеттігін колхозшыларға кеңінен түсіндірді. Колхозшы шаруалар совет атқомінің қаулысын қызу қолдап, кіріпін заводын салу ісіне ұйымшылдықпен кірісеті. Завод құрылысы бір

ай он күннің ішінде аяқталды. Кәзір завод колхоз құрылысы үшін күйдірілген қызыл кірпіштерді көптеп беруде.

Осы сыяқты, быйыл селолық Советтің инициативасы бойынша колхозда радиоторабы орнатылды. Колхоз орталығындағы клуб қысқы маусымға мұқият әзірленуде.

Депутат — халық қызметшісі, Селолық Совет депутаттар мен активтерді жұмыстың негізгі участоктеріне бөліп, олардың еңбекшілер арасында авангардтық роль атқаруына көп назар аударады. Селолық Советтегі 14 депутаттан 11 адам тікелей колхоз өндірістерінде жұмыс істейді. Мәселен, депутат Попова жолдас шошқа күтуші болып істейді. Ол қарауындағы әрбір мерезінен 12 торай алып, аман өсіруде. Депутаттар Карченко — товарлы сүт фермасының меңгерушісі, Володина, Доровец жолдастар астық қырмандарында

жұмыс істеп, күнделік тапсырмаларын 130—150 процент етіп орындап жүр.

Ауылшаруашылық жөніндегі тұрақты комиссияның председатели Т. Харченко жолдас мал қыстату маусымына әзірлікті ойдағыдай ұйымдастыруда. Быйыл 309 басқа арналған шошқа қорасы, 100 басқа арналған қой қорасы және мал өсірушілер үшін ферма жанынан үй салынды. Селолық Совет колхозда әйелдер босанытын үй болуы үшін қамқорлық жасауда. Бұл үйдің құрылысы жыл аяғына дейін аяқталмақ.

Селолық Советтің депутаттары мен активтерді колхоздың шаруашылығы мен мәдениетін онан әрі жақсартуға беруде өз міндеттерінің дәрежесінде болады.

**В. НАЗАРИН,**

Преснов аудандық партия комитетінің партия, кәсіподақ және комсомолдар ұйымдары бөлімінің меңгерушісі.

жылдың дәрежесін осыдан жеткізіп беретіндей етіп, халық шаруашылығын жаңадан мықтап күшейтуді ұйымдастырмақ».

Үгітші өзінің әңгімесінде совет халқы 1946—1950 жылдары соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындағанын атап көрсетугі керек. Осының нәтижесінде елімізде өнеркәсіп өнімі соғыстан бұрынғы дәрежеден 73 процент артты. Ал, егер 1951 жылды қоса есептесек екі есе өсті. Өткен жылдың аяғында Совет Одағы, Англия, Франция, Бельгия және Швеция елдерін тұтас алғанда, солардың қорытқанындай болат қорытты.

Осы сыяқты ауыл шаруашылығында да зор табыстарға ие болдық. Еліміз 1951 жылы 7 миллиард 400 миллион дүг астық алды. Мұның өзі халықты кергіпше қамтамасыз етуге және қажетті мемлекеттік қорларды жасауға толық мүмкіншілік бергені сөзсіз. Қоғамдық малдың жалпы саны 1951 жылы 14 миллион бас болып өсті.

Соғыстан кейінгі бесжылдықта бүкіл еліміздегі сыяқты біздің республикамыздың еңбекшілері де зор табыстарға ие болды. Қазақстанда өнеркәсіптің жаңа түрлері салынды. Машина жасау, химия, металлургия және басқа өнеркәсіп онан әрі әркендеді. Көптеген өнеркәсіп орындары мен жүздеген километр темір жол салынды. Қазақстанда 1951 жылы соғыстан бұрынғыдан көмір екіжарым есе, мұнай біржарым есе және электр қуаты төрт есе артық шығарылды. Қазақстандықтар елімізге жоспардан тыс көптеген көмір, мұнай, болат, түсті металдар және басқа өнімдер берді.

## Қаулының

Ворошилов атындағы колхоз (Петропавл ауданы) партия ұйымы өзінің жалпы жыйналысында партияның XIX съезі материалдарын бірауыздан қуаттап, съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөнінде қаулы алған болатын. Кәзір колхоз партия ұйымы жоғарыда аталған қаулының орындалуын ұйымдас-

ғының за — мә кендегу Жосп нен авт каланды өнеркәсі бекті кө никалан «Бесі бада, — тырғанд шамамен болат ж де кемі цент жа ұлғайты Жаңа заның В. И. Л меті жа даналы ші бесж ларыны ал, су есе арт Жаңа электр 2100 м мен қа Өскемен ры іске град жа рының ірі су Чебокс тарма басқала тіп, СС тыруда коммув арасын ұйымда астық ші бол Сауғ



## Тиймді істеуге тиіс

ушы коллек- артельдерінде 150-ге жуық жұмысшы өндірістік тапсырмаларын орындамады. Осы фактінің өзі аталған кәсіпорындары басшыларының бірқалыпты, тиймді жұмыс істеуге үнемі назар аударып отырмайтындығын айқын дәлелдейді.

Әрбір кәсіпорнында экономикалық жоғары көрсеткіштер үшін күрес ешбір бәсеңдетілмеуі керек. Жоспардың сан және сапа көрсеткіштері жағынан орындалуына, назар аударумен қатар, қаржылар мен материалдардың мейлінше ұқыпты жұмсалуын ешқашан да естен шығаруға болмайды. Шынында кәсіпорындардың коллективтері өздеріне міндеттеме қабылдағанда шикізатты, материалдарды және электр қуатын үнемдей отырып, өзіңдік сағаны кемітуді де атап көрсеткен болатын. Бірақ, бұл мәселеге көптеген шаруашылық басшылары әлі де болса жете назар аудармай отырғандығын жасыруға болмайды. Ег комбинаты, аяқкиім фабрикасы, май өндірісі тресті сыяқты кәсіпорындарындағы финансы жұмыстарының қорытындысына қаратанда, олардың өндірген өнімнің өзіндік бағасы кемітілудің орнына, жоспарынан едәуір қымбаттатылған. Міне, бұл аталған кәсіпорындарында мемлекет қаржысы мен материалдарды ұқыптылықпен жұмсауға жете көңіл бөлінбей келе жатқандығын көрсетеді.

Жоспардан тыс қор жыйнау—кәсіпорны жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Олай болса, жұмыстың бұл саласына әрдайым ерекше көңіл бөлу қажет. Алайда, арақ-шарап комбинатының, аяқкиім фабрикасының коллективтері өз жұмыстарының бұл жөніндегі көрсеткіштерін бүгінгі талаптарға сай дәрежеге көтере алмай отыр.

Қабылданған міндеттемелердің кезінде орындалмауы көбінесе бастауыш партия ұйымдарының социалистік жарысты өрістетуге күнбе-күн басшылық жасамағандығын дәлелдейді. Ол-олма, жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындарында социалистік жарысқа басшылық жасау ісінде формальділікке де жол беріледі. Жұмысшылар арасында жасалған шарттан

## Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясының бүкіл дүние жүзі еңбекшілеріне үндеуі

ВЕНА, 18 сентябрь. (СОТА). Өзінің қызметінің жеті жылдығы құрметіне Кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне арнап үндеу жариялады. Үндеуде былай делінген:

Еңбекші еркектер мен әйелдер! Бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің еркі бойынша, мұнан жеті жыл бұрын, 1945 жылғы 3 октябрьде, кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы құрылды. Федерацияның құрылуы жұмысшы табының тарихи жеңісі, оның нәсіл, ұлт, діни және саяси көзқарас айырмашылығына қарамастан, бірлікке ұмтылуының белгісі болды.

Өзінің жұмысын бастағанда-ақ федерация еңбекшілердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту үшін күресуді, олардың экономикалық, әлеуметтік праволары мен демократиялық бостандықтарына қандайда болса қастандық жасалуына қарсы күресуді, ел басқарудың барлық фашистік формаларын және фашизмнің қандайда болса көрінісін біржолата жою үшін күресуді, соғысқа және оны туғызатын себептерге қарсы, баянды және ұзаққа созылатын бейбітшілік үшін күресуді өзінің мақсаты етіп алға қойды.

Федерация, бұл мақсаттарға жетудің шешуші шарты болып табылатын жұмысшы табының бірлігін өз жұмысының негізгі принципі етіп жариялады.

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы өзінің бүкіл дүние жүзі еңбекшілері алдындағы міндеттемелерін орындауда, олардың еркін және талабын берік қажырлылықпен білдіруде. Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы жаңа соғыс хауіпне қарсы, реакцияның кәсіподақ праволарына және еңбекшілердің демократиялық праволарына шабуыл жасауына қарсы, нәсілдік кемсітушілікке қарсы, жұмысшы табының экономикалық және әлеуметтік талаптарын орындаттыру үшін, отар және тәуелді елдер халықтары

шейіп отырған жағдайда, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің бірігіп, топталуы қай уақыттағыдан болса да қажет.

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы жұмысының негізгі принципі болған және болып отырған еңбекшілердің іс бірлігі реакцияға және жаңа соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күресте жеңіске жетудің кепілі болып табылады.

Капиталистік және отар елдерде еңбекшілердің қайыршылануы ұлғайып отырса, Совет Одағында, Қытай Халық Республикасында, халықтық демократия елдерінде және Герман Демократиялық Республикасында халық бұқарасы бейбіт жемісті еңбекпен шұрыдануда, оның тұрмыс дәрежесі үздіксіз артуда.

Бүкіл дүние жүзінің еңбекші еркектері мен әйелдері!

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы өзінің қызметінің жеті жылдығына байланысты сіздерге туысқандық сәлем жолдайды.

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы өзінің келешекте де бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің мүдделерін қорғау ісінде айнымайтындығына сіздерді сендіреді.

Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы сіздерді:

Өздеріңіздің халықаралық ұйымыңыз—Кәсіподақтардың бүкіл дүниежүзілік федерациясы төңірегіне топталып, жұмысшы табының бірлігін нығайтып ұлғайта беруге, өздеріңіздің кәсіподақ ұйымдарыңыздың қатарын жаңа мүшелермен толықтыруға шақырады.

Еңбекшілер қатарына іріткі салып жүргендерді, еңбекшілердің тұрмыс мүдделері мен праволарына шабуыл жасаушы реакцияның күштеріне көмектесушілерді әшкередеуге шақырады.

Жұмысшылардың халықаралық ынтымағын нығайта беруге шақырады.

Еңбекші еркектер мен әйелдер!

## Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 25 сентябрь. (СОТА). Корея Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 25 сентябрьде мынаны хабарлады:

Өткен күні майдандарда өзгеріс болған жоқ. Майданның жекелеген учасоктерінде корей Халық армиясының құрамалары қытай халық ержітері бөлімдерімен бірлесе отырып, жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізуде болды.

Біздің армияның зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атушылар дұшпанның үш самолетін атып түсірді және төрт самолетін зияндады.

## АМЕРИКАН ИМПЕРИАЛИСТЕРІ —АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАУЫ

ПХЕНЬЯН, 25 сентябрь. (СОТА). «Мянчжу Чосон» газеті жариялаған мақалада былай делінген.

АҚШ-тың реакцияшыл баспасөзі, атышулы «Америка даусы» сыяқты азиялық мәдениетті қорғау туралы үнемі айтып, америка әскери жөндеттерін «азиялық мәдениетті жақтаушы және қорғаушы» ретінде көрсеткісі келеді. Американдық империалистері американдардың Азиядағы агрессияшыл саясаты күйреуге ұшырауы себепті «азиялық мәдениетті жақтаушылар» қатарында болуға әрекеттенеді. Чан Кай-ши тобырларының континенталдық Қытайдан қуылуы, халықтық Қытайдың құрылуы, американдық интервенттерінің Кореяда соғыс-саяси және мөральдық жағынан жеңіліске ұшырауы, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде ұлт-азаттық қозғалысының барған сайын күшеюі—міне, осының барлығы американдық империалистерін «азиялық мәдениетті қорғау» туралы ұран ұсынуға, американдық агрессияшыл әскерлерді «Мәдениетті жақтаушылар» деп боямалауға мәжбүр етті.

Алайда, деп мәлімдейді газет, мұндай жалған насихатпен ешкімді алдауға болмайды. Өйткені, американдық империалистерінің Азия халықтары мәдениетінің қас



